

Әл – ФАРАБИ АТЫНДАҒЫ ҚАЗАҚ ҰЛТТЫҚ УНИВЕРСИТЕТІ
ФИЛОСОФИЯ ЖӘНЕ САЯСАТТАНУ ФАКУЛЬТЕТІ
ПЕДАГОГИКА ЖӘНЕ БІЛІМ БЕРУ МЕНЕДЖМЕНТІ КАФЕДРАСЫ

Факультеттің Ғылыми Кеңес

мәжілісінде

Бекітілді

Факультет деканы

_____ Б.Б.Мейірбаев

«ҚР Жастар саясаты: әлеуметтік- педагогикаық контекст»

ПӘНІ БОЙЫНША

8D01802 - «Әлеуметтік педагогика » мамандығының
ҚОРЫТЫНДЫ ЕМТИХАН БАҒДАРЛАМАСЫ

1 курс, қазақ бөлімі

5 кредит,

Алматы, 2025-2026

Пән бойынша қорытынды емтихан бағдарламасын дайындаған
Педагогика және білім беру менеджменті кафедрасы,
п.ғ.к., доцент Молдасан Қ.Ш

Кафедра мәжілісінде қаралып, ұсынылды.

« » _____ 2025 ж., хаттама №

Кафедра меңгерушісі _____ Н.С. Әлқожаева

Алғы сөз

Пән бойынша қорытынды емтихан түрі – **жазбаша (offline)**. Емтихан сұрақтары пән бойынша оқытылған дәріс, семинар және ДӨЖ тапсырмаларының барысында құрастырылады. Офлайн оқыту кезіндегі **жазбаша** емтиханның міндеті - оқу жетістіктерін меңгеруге жоспарланған білімдері мен дағдыларын бағалау болып табылады. Офлайн сұрақтарды әзірлеу критериялды-бағдарлы тұрғысынан қарастырылады.

Сұрақтарды құруда мазмұнды іріктеу кезінде басшылыққа алынатын принциптер: материалдың теориялық маңыздылығы; ғылыми нақтылық; сұрақтың мазмұнының пән бойынша білімдерге, деңгейіне сәйкестігі; репрезентативтілік (бақылау үшін мазмұн элементтерінің толықтығы мен жеткіліктілігі); **жазбаша** емтиханның тапсырмалары мазмұнының білім жүйелілігі талаптарына сәйкестігі; кешенділік және теңгерімділік (негізгі тақырыптардың кешенді көрінісі және негізгі теориялық материалдар мен практикалық іс-әрекет әдістерінің теңдестірілген көрінісі);

Емтихан өткізу ерекшеліктері: емтихан барысында докторант емтихан сұрақтарына белгіленген кестеге сәйкес, жазбаша жауап береді. Жоғары ажыратымдылықтағы бейнекамералары бар және дыбыс жазылатын аудиториялар мен дәріс залдарында **offline** режимінде өтеді, сондай-ақ, емтихан жұмыстарын шифрлау және дешифрлау арқылы жүргізіледі.

Емтиханды өткізу формасы:

СТАНДАРТТЫ ЕМТИХАН: ЖАЗБАША.

Емтиханның ұзақтығы *2сағатты* құрайды.

Жазбаша емтихан тапсыру процесі емтихан билетін автоматты түрде құруды қамтиды. Білім алушыға мәтінді берілген сұрақтар бойынша жазбаша жауап қалыптастыру қажет.

Әр билет үш блокқа бөлінген сұрақтардан тұрады.

әзірленген

Бірінші блокқа оқыту объектісін білу мен түсінуді бағалайтын когнитивті (білімділік) құзыреттілік сұрақтары енеді. Бұл магистранттардың оқыту аймағындағы алдыңғы қатарлы білімді түсіну мен білімін көрсету қабілетін қамтиды.

Екінші блокқа ақпаратты қолдану және талдау іскерлігін бағалайтын функционалдық құзыреттілікті анықтайтын сұрақтар кіреді. Бұл білім алушының зерттеу аймағындағы дәлелдерді қалыптастыру мен негіздеу және мәселелерді шешу арқылы өз білімін қолдана білуі және түсінуін қарастырады.

Үшінші блокқа ақпаратты синтездеу және бағалау іскерлігін анықтайтын жүйелік құзыреттілік мәселелері кіреді. Мұнда пікірлерді дәлелдеу, эссе жазу докторанттардың қабілеттері бағаланады.

**Тапсыру күні мен
уақыты: Емтихан
уақыты: 2 сағат**

емтихан сессиясының кестесіне сәйкес болады

Пән бойынша қорытынды емтихан 15 апталық оқытудан кейін жүргізіледі. Емтихан түрі – **жазбаша**.

Жазбаша емтиханға дайындалуға арналған тақырыптар:

1. Жастарды әлеуметтендірудің нормативтік- құқықтық қамтамасыз етілуін сипаттаңыз.
2. Тұлға мен қоғамның өзара әрекеттесу мәселелерін саралаңыз.
3. Жастарды әлеуметтендірудегі ұрпақтар сабақтастығының рөлін сипаттаңыз.
4. Әлеуметтендіруді ғылымдағы адам және қоғам туралы зерттеулер нысаны ретінде зерделеңіз.
5. Тұлғаны әлеуметтендірудің туындауы, дамуы, қалыптасуын жүйелеңіз.
6. Коммуникацияны тұлғаны әлеуметтендіру өзегі ретінде түсіндіріңіз.
7. Жастар мәселесі туралы ғалымдардың еңбегін талдаңыз.
8. Әлеуметтік ұйымның қызметкері ретінде командалық іс-әрекет ету жоспарын талдаңыз.
9. ҚР Мемлекеттік Жастар саясаты тұжырымдамасын талдаңыз.
10. Жастардың жұмыссыздық мәселесін сипаттаңыз.
11. Менталитеттің отбасылық, гендерлік әлеуметтенуге және тұлғааралық қарым- қатынасқа ықпалын дәйектеңіз.
12. Жастар ұғымын анықтауды әдіснамалық амал тұрғысынан келуді сипаттаңыз.
13. Жастарды әлеуметтендіруде БАҚ мүмкіндіктерін ұтымды пайдалану бойынша өзіндік идеяңызды ұсыныңыз.
14. Әрекет түрлерінің тұлға әлеуметтенуіне ықпалына нақты мысалдар келтіріңіз.
15. Жастарды әлеуметтендірудің дәстүрлі формасының тоқырау себептерін ашып, одан шығудың жолын ұсыныңыз.

Емтиханды бағалау өлшемдері:

Балл	Жауап мазмұны
95-100 (А) 90-94 (А-) Өте жақсы	1. Емтихан сұрақтарына берілген жауап теориялық тұрғыдан нақты, толық жазылған. 2. Жауаптың мазмұны өзін-өзі тану туралы дұрыс мәлімет береді, практикалық ерекшеліктері сипатталған және толық шешілген. 3.1-2 блок жауаптары теориялық материалдарды жақсы игергендігін білдіреді. 4. Шығармашылық жұмыста қабілеттілігі көрінеді.
85-89 (В+) 80-84 (В) 75-79 (В-) 70-74 (С+) Жақсы	1. Емтихан сұрақтарына берілген жауап тақырыптың мазмұнына қойылатын талаптарға сай келеді. 2. Емтихан сұрақтарына жауаптар теориялық материалды 80% игергендігін білдіреді.
65-69 (С) 60-64 (С-) 55-59 (D+) 50-54 (D) (Қанағаттанарлық)	1. Сұрақтың мазмұны толық ашылмаған. 2. Практикалық ерекшеліктері сипатталмаған. 3. Жауаптары қысқа, қосымша жүйелілікті, ақпараттың қисындылығын талап етеді.
25-49 (FХ) 0-24 (F) (Қанағаттанарлықсыз)	1. Емтихан сұрақтары бағдарламаға сәйкес емес. 2. Практикалық жауап мүлде жоқ. 3. Жауапта грамматикалық, терминологиялық қателер бар, логикалық жүйелілік бұзылған.

Ұсынылатын әдебиеттер:

1. Қазақстан жастары. Статистикалық жинақ..Астана.2017.
2. Бахишева С.М. Педагогикалық жобалау: теориясы және технологиясы. Алматы ,ЖШС РПБК Дәуір, 2011. - 336 бет.
3. Қазақстан жастары. Жинақ.- Астана.,2017.
4. А.И.Свинарчук., А.К.Капышев., К.Е.Смагулов. Алматы.Молодежная политика в РК. Уч.пос. Қазақ университеті.2019.-
5. Раздыков.С.З., Раздыкова С.С Молодежная политика. Уч. Пос. 2017№
6. Мынбаева А.К., Садвакасова З.М. Инновационные методы обучения, или как интересно преподавать: Учебное пособие. –Алматы, 2011.
7. Таубаева Ш.Т. Методология и методы педагогических исследований: учеб. пособие - Алматы : Қазақ ун-ті, 2015. – 213 с.
8. Батырбеков М.Б. Выдающиеся ученые – педагоги высшей школы Казахстана. Алматы, 200ж

